

Жамбыл және Шымкент қалалық соттарын құру және Жаңасемей аудандық сотын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 29 қазан N 3165

Кейбір облыстардың әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістерге байланысты және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының U952694_10-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жамбыл қаласындағы Зауыт және Орталық аудандық соттары

таратылып, Жамбыл қалалық соты (аудандық маңызы бар) құрылсын.

2. Шымкент қаласындағы Абай, Әл-Фараби және Еңбекші аудандық соттары таратылып, Шымкент қалалық соты (аудандық маңызы бар) құрылсын.

3. Семей облысының Жаңасемей аудандық соты таратылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті